

## **«АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР МЕНЕДЖЕРІ» ҚОСЫМША (MINOR) БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Кімге арналған:** «Ақпараттық ресурстар менеджері» қосымша білім беру бағдарламасы (MINOR) барлық Major білім беру бағдарламаларының студенттеріне арналған

**Өзектілігі:** «Ақпараттық ресурстар менеджері» қосымша білім беру бағдарламасының шеңберінде студенттерге кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген басқару жағдаяттары мен міндеттерін жедел шешуге, басқару функцияларын іске асыруға, әкімшілік, кеңес беру, ғылыми-зерттеу, әдістемелік және жобалық қызметті тиімді жүзеге асыруға қабілетті кітапхана-ақпарат саласының мекемелерін басқаруға арналған бағдарламаларды оқу ұсынылады. Онда ақпараттық мәдени-ақпараттық қызмет саласы ретінде кітапхана ісін басқару мәселелері жан-жақты қарастырылады. Оқытудың негізі болып табылатын дәстүрлі және бейінді менеджмент басқарушылық ойлау мен интуицияны меңгерген, болашақ басшылардың аналитикалық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту туралы жалпы мәлімет беріледі.

**Негіздеме:** Бағдарлама кітапханалық-ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және пайдалану, құжаттық мұраны сақтау, қоғамның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру және әлеуметтік-мәдени коммуникацияларды дамыту бойынша білімі мен дағдылары бар мамандарды даярлауға бағытталған.

Қазақстан Республикасының кітапханалық жүйесін басқару еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі болып табылады, өйткені ХХІ ғасыр әмбебап ақпараттандыру ғасыры. Кітапхана ісі қазіргі уақытта сандық ақпараттық кеңістіктің жаһандық кеңеюінің маңызды бағыттарының бірі болғандықтан, әзірленген білім беру бағдарламасы қосымша бағдарлама болып табылады. «Ақпараттық ресурстар менеджері» қосымша білім беру бағдарламасының негізгі міндеті болашақ кітапхана маманын кітапханалық-ақпараттық қызметті басқару ғылымының қалыптасуы мен дамуын, кітапхана ісін басқарудың заңнамалық негіздерін қалыптастыру, кітапхана ісін басқарудың теориялық негіздері мен кітапхана ісін басқару жүйесіндегі ұйымдастырушылық қатынастар, басқару процесі, кадрларды басқару, қазіргі кезеңде кітапхана ісін басқаруды жетілдіру, заманауи кітапхана-ақпараттық технологиялар мен ресурстарды қолдана алуға дағдыландыру.

**Мақсаты:** Бағдарламаның мақсаты- менеджмент принциптері мен заңдылықтары негізінде кітапханалық-ақпараттық қызметті басқару саласында жоғары білікті мамандарды даярлау. Технологиялық, ақпараттық-талдау, жобалау, әдістемелік, психологиялық-педагогикалық және ұйымдастыру-басқару қызметінің дағдыларын меңгерген, әртүрлі типтегі және салалық кітапханалар мен ақпараттық мекемелер үшін мамандар даярлау.

Студенттерді кітапхана ісі саласын басқару теориясы мен практикасы саласында кәсіби маңызды арнайы біліммен, шеберлікпен және дағдылармен қамтамасыз ету. Басқарушылық қызмет тұжырымдамасының мүмкіндіктерін ашу. Түлекті кәсіби қызмет міндеттерін шешуге дайындау үшін білім алушылар ұйымдастыру-басқару, ақпараттық-талдау, технологиялық, психологиялық-педагогикалық, мәдени дағдыларды меңгеруі тиіс. Бағдарлама бойынша маманның кәсіби құзыреттерін мынадай салаларда қолдануға болады: ақпараттық және коммуникациялық технологиялар, білім және ғылым, мәдениет, ақпаратты жинау, талдау, ретке келтіру және ұсыну міндеттерін тиімді шешу қажет әкімшілік-басқарушылық қызмет, пайдаланушылардың әртүрлі санаттарына ақпараттық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, кәсіби салаларды ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу технологиясын әзірлеу қызметтерінде қарастырылады.

### **Бағдарламаның сипаттамасы:**

1. «Ақпараттық ресурстар менеджері» (Minor) бағдарламасы 3 пәннен тұрады, әр пән 5 кредит, қорытындысында білім алушы 15 кредит меңгеруі тиіс.
2. «Ақпараттық ресурстар менеджері» (Minor) бағдарламасы пререквизиттерді қажет етпейді.
3. Бакалавр дәрежесі үшін несиелер саны өзгеріссіз қалады-240 кредиттен кем емес.

**Бағдарламаның мазмұны:**

Пән атауы	Пәннің сипаттамасы	Қалыптасатын оқыту нәтижелері
Кітапхана ісін басқару	<p>Кітапхана ісін басқарудың басқарудың теориялық негіздері, кітапхана ісін басқару жүйесіндегі ұйымдастырушылық қатынастар, басқару процесі, кадрларды басқару, қазіргі кезеңде кітапхана ісін басқаруды жетілдіру, заманауи кітапхана-ақпараттық технологиялар мен ресурстарды қолдана алу мәселелерін қарастырады. Кітапхана саласындағы талдау, жоспарлау әдістерін білу, оқу барысында басқару ғылымының жетістіктерін, басқару процесінің мазмұны мен ерекшеліктерін, даму заңдылықтарын, кітапхана ісін басқару құрылымын игеруі керек.</p>	<p>ПОН1-әлемдік менеджмент эволюциясының әртүрлі кезеңдерінде әзірленген тұжырымдамалар мен тәсілдерді білу;                      ПОН2-кітапханалық-ақпараттық қызметті стратегиялық басқару әдістемесін кәсіби меңгеру;                      ПОН3-инновациялық менеджмент принциптерін білу және кітапхана-ақпараттық мекемелердегі жаңалықтар процесін басқара білу;                      ПОН4- ғылымның мазмұны мен құрылымы Кітапхана ісі саласындағы басқару қызметінің қағидалары, функциялары мен нысандарын білу.</p>
Кітапханалық-ақпараттық қызмет маркетингі	<p>Бұл курста білім алушылардың ақпараттық сұраныстарды зерттеу мен болжау әдістерімен, кітапхананың ресурстық мүмкіндіктерін жолдаумен, кітапханалардың библиографиялық қызметіне ұйымдастыру мен басқарудың маркетингтік ыңғайын табу жолдарымен таныстыру. Кітапхана өнімін және қызметін пайдаланушылардың қажеттілігімен сұраныстарына бағыттай отырып, оларды барынша толық қамтамасыз етуге үйрету. Студенттерді маркетингтің жалпы ережелерін, кітапханалық ақпараттық өнімдер маркетингінің мәнін, кітапхана тәжірибесінде пайдаланатын маркетингтің түрлерін, кітапхананың библиографиялық қызметін</p>	<p>ПОН1-ақпараттық библиографиялық қызметін ұйымдастыру мен басқаруында ұйымдық маркетингтік тәсілін және ақпараттық нарықты зерттеу үшін маркетингтік зерттеу әдісін пайдалауды білуі үйренеді.                      ПОН2- Ұйымдағы басқару ісі мониторингінің мақсаттары мен міндеттері, заманауи әдістері мен мәселелерін біледі.                      ПОН3- Кітапхана қызметі саласында ұйымдық маркетингті пайдаланудың жалпы мәселелерін игеру.                      ПОН4- Кітапханадағы маркетингтік зерттеулер, кітапхана және ұйым</p>

	<p>маркетингтік жоспарлаудың негізгі түсініктерін білуге үйрету.</p>	<p>маркетингінің әдіс-тәсілдерін, кітапхана маркетингін қалыптастырудың жалпы әдістемелік қағидаларын дамыту.</p>
<p>Құжаттамалық қамтамасыз етуді басқару</p>	<p>Ақпараттық-кітапханалық мекемелердің жағдайында басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етуді ұтымды ұйымдастыру қағидаларын, әдістері мен құралдарын зерделеу ерекшеліктерін меңгеруі тиіс. Кітапханалар мен ақпарат қызметтерінде жұмыс істейтін басқару құжаттамасы жүйелерінің құрамы, құрылымы және типологиялық ерекшеліктерін білу. Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз етудің теориялық негіздерін, басқарушылық қызмет құрылымындағы ақпаратты құжаттау мәселелері. Құжаттамалық қамтамасыз етуді басқару жұмысын ұтымды ұйымдастырудың негізі ретінде құжаттармен жұмысты ұйымдастыру.</p>	<p>ПОН1- Құжаттамалық қамтамасыз етуді басқару саласындағы негізгі ұғымдар, кітапханалар мен ақпараттық қызметтердегі басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету қызметтерінің жұмысын ұйымдастырудың қолданыстағы тәсілдері мен қағидаларын меңгеруі;  ПОН2- ақпараттық-кітапхана саласындағы білім беру қызметінің тиімді жұмысын қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар қалыптастыру, басқару құжаттарының әр түрлі түрлерін жасау.  ПОН3- ҚР барлық кітапханаларының жұмыс тәжірибесіне жаңа ақпараттық технологияларды ендірудегі даму деңгейін білдіреді.</p>

